

**Мұхтар Мағауин**

## **ОТАРЛАУ ЭПОПЕЯСЫ**

Қазақ тарихындағы ең қаралы, ең қасыретті кезең – 1932-1933 жылдар – халқымыздың тең жарымын, бәлкім, одан да көбірек бөлігін жалмап жатқан ғаламат ашаршылық. Қазір бұл сүмдүк заманды баяғы Ақтабан-Шұбырынды уақиғасымен салыстырып жатады. Онда да қазақ халқы ауыр шығын тартқаны белгілі. Қалған ел қонысынан ауып, жан-жакқа бытыраған, қаншама қындыққа ұшыраған. Бірақ Ақтабан-Шұбырынды – жаугершілік кезіндегі ауыр женіліс нәтижесінде тап болған бақытсыздық еді. Ер-азамат айқасып, арпалысып өлді, бала-шаға, кемпір-шал тұра келген ажалға ұшырады. Аман қалған азаматтардың басы бос болды, қолында қаруы болды; ел-жұрт қайтадан ұйысып, қатерлі жауға қарсы жаңа күресін бастады. Ал 1932-1933 жылғы ғаламат ашаршылықтың жөні мүлде бөлек. Бұл – қолдан жасалған, жоспарлы түрде ұйымдастырылған және барлық шығын бір жақтан – қазақтар жағынан ғана болған коммунистік геноцид еді. 1933 жылдың жазына жеткен, аштықтан аман қалған адамдардың тіршілік байыбы, дүние танымы да жаугершілік шапқыннан аман қалған кісінің көзқарасынан мүлде басқа түрғыда болғаны күмәнсіз. Осыған орай кейінгі ұрпақтың ұғымы шектеулі, мұраты кемшін қалыптаспақ. Қазақ “Бір күн ашықканнан қырық күн ақыл сұрама” деген. Бір адам емес, бүкіл халық ашықса, бір, екі күн емес, екі жыл, үш жыл бойы үздіксіз ашықса, оның зардабы қырық жылға, қырық емес, сексен, жүз жылға кетпек, бір ұрпақ емес, әлденеше ұрпаққа заарын тигізбек. Біз сол ес шыққан, ақыл азайған, өмірдің бар мәні нан табу ғана болып көрінетін апат аймағынан әлі ұзап кеткеміз жоқ. Біздің санамыз, тұрмыс-тіршілік, барлық болмыс-бітіміміз бұдан алпыс жыл бұрын халқымызды топан суындаі жайпап өткен зұлмат зардабынан әлі айыға алмай отыр.

Мәселенің бір ғана жағына – халықтың сандық түрғысына қарайық. Демографтарымыздың нақты ғылыми есебі бойынша, қазақ халқы 1932-1933 жылдары осыншама қырылмаса, қазіргі саны кем дегенде 20-25 миллионға жетер еді. Кейде бұдан да үлкен меже айтылады. Жай ғана салыстыру: советтік биліктің алғашқы жылдарында жалпы саны қазақтардан әлдеқайда төмен болған өзбектер қазір 20 миллионға ілінді. Ал бұдан сексен жыл бұрын казақтар бүкіл Түркстан өніріндегі халықтың тең жарымынан артығын құрапты, яғни қазақтардың саны туыстас, көршілес өзбек, қыргыз, түркмен, қарақалпақ, тәжік халықтарының бәрін, оған келімсек орыстарды қосқандағыдан әлдеқайда артық болған. Егер аштық апаты жусатып кетпесе, біздің санымыз қанша болатыны, қандай деңгейге жететініміз туралы ойша ғана қиялдауға болады. 20-25 миллион емес, 15-ақ миллион болайықшы. Қазір бүкіл Қазақстан республикасындағы, орысы бар, орманы бар, басқасы бар, барлық халықтың саны 17 миллион ғана. Оның он миллионға жуығы бөтен халықтар. Ал қазақтың іргесі бұзылмаса, жарым жұрты қырылыш, тағы

неше жүздеген мыңы туған жерден ауа көшуге мәжбүр болмаса, келімсектер дәл қазіргідей көп болмайтын еді. Әртүрлі жағдайда Қазақстанға келіп орныққандарының өзі дәл қазіргідей кеудесін көтеріп, жерінді былғап, намысынды таптап жүрмес еді. Бір сөзben айтқанда, біздің бүгінгі ахуал, ел-жұрттымыздың басындағы келенсіз жағдаяттардың көвшілігі – сол ашаршылық зардаптарының нәтижесі. Басқаны былай қойғанда, тіл – қазақ тілі мәселесін ғана алайық. Егер Қазақстан республикасында 15-20 миллион қазақ отыrsa, келімсектердің саны қанша болмасын, қазақ тілінің қолданылу аясы, мемлекеттік дәрежесі басқаша болар еді ғой.

Міне, осында, болуға тиіс, бірақ болмай қалған бақыттымыз, іске аспай қалған армандар жайын ойлап отырғанда, қазақ үшін бар жағынан бірдей оңалмас апат әкелген ашаршылықтың отаршылдар үшін, келімсек жұрт үшін қаншама иғлік болғанын пайымдайсыз. 1932-1933 жылдары қазақ халқы ғаламат аштыққа ұшырағаны, тең жарымынан артығы қырылғаны туралы Коммунистік билік заманында, тым құрса бір ауыз сөз айтуға тиым салынуы кездейсоқ емес. Өйткені, бұл – орыс большевиктері теренен ойлап, жоспарлы түрде жүзеге асырған іс болатын. Соған орай тек қазақтар ғана аштыққа ұшырады. Ол кезде Қазақстан шегінде басқа халықтардың үлес салмағы әжептәуір болатын. Тым құрса бір орыс аштан өлменті.

Отаршыл Ресей соңғы төрт ғасыр бойы төнірегіндегі жұртты жаулау, байлығын тонау арқылы әлемдегі ең алып, ең жыртқыш империяның негізін салды. Орыс отаршылдары Еуразиядағы қаншама халықты қанға бөктірді, мұлде жойып жіберуге тақады, жерін тартып алды, ата мекен қонысындаи иеленді. Қазаққа да соны жасағысы келді. Қаншама заман бойы іргеден торып, ақыры Қазақстанның басыбайлы отарға айналдырыды, бірақ қазақ жерін басқалардай еркін әрі толық игеру мүмкін болмады. Қазақтардың саны көп еді, бос жерлері жоқ еді. Ресей XVIII ғасырда Қазақстан шегіне бекіністер салса, XIX ғасырда елдің қолқа жүргегіне бойлай енеді, уақыт оза келе жергілікті халықты қонысынан тықсырып, ішкі аймақтардан славян текті жұртты көшіріп әкеліп орнықтыра бастайды. Қазақтардың жерін тартып алды, бейбіт түрде ығыстыру XX ғасырдың бас кезінде айрықша өріс алды. Алайда, дүниенің бәрін төңкеріп, өткеннің бәрін қиратып, түгел керісінше жасаған большевиктер өкімет басына келгенде, оларға Ресейдің бұрынғы жыртқыш отаршылдығының өзі тым жұмсақ болып көрінген сияқты. Орыс большевиктері Қазақстанның біржола табанға түсіріп, Ресейдің ешқашан ажырамас бір бөлігіне айналдыру үшін оны мекендереген жергілікті халықты мұлде жоқ ететін жоспар қабылдады. Қазақтардың тұрмыстіршілігі, бар өмірі малға қарап отырғанын жақсы білгендейтін, оларды біржола қырып тастау үшін қолдарындағы малын тартып алу қажет деген шешімге келеді. Колхозға ұйыстырамыз деген сұлтаумен, “Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын!” деген коммунистік ұран астында белдеуде бұзау, көгенде лақ қалдырмай, қазақ байдың бар малын сызырып алуға кірісті. Осының алдында ғана советтер Алаш Орда

қайраткерлерін – қазақ халқының бас көтерер зиялыштарын түгел айдал әкеткен еді, содан соң қару ұстап қарсылық білдірген көтеріліс атаулыны қанға бояп басқан еді. Енді ай дер ажа, қой дер қожа жоқ орыс коммунистері, итаршы қазақ белсенділерін пайдалана отырып, ойна келгенін істеді. Алдындағы малын ғана емес, үйіндегі барлық азықтұлігіне дейін тартып алды. 1931 жылдың аяғы, 1932 жылдың басында-ақ халық аштан қырыла бастады. Қазақтардың қырылып жатқаны туралы акпар жоғарыға еркін жетті. Бірақ ешқандай шара қолданылмады. Керісінше, ашаршылық шенгелін одан әрмен тарылтатын шаралар жүзеге асырылды. Жүрттың қолында қалған азын-аулақ мал тағы жиналды, шет елдермен шекаралар берік бекітілді, Ресейге, совет құрамындағы басқа аймақтарға өтіп кеткен қазақтарға жәбір-жапа, қысым жасалды, мүмкін болғанынша кері қайтарылды, осының нәтижесінде мешін жылыштың соңғы тоқсаны – яғни 1932-1933 жылдар түйіскен қыс айлары ашаршылық біржола етек алған, қазақ халқының тең жарымын жалмаған апат кезеңі болды. Совет өкіметі, коммунистік партия қазақ халқы қырылып бітуге жақындағанда ғана өздерінің қолын жуып-жаю үшін қаулы-қарар қабылдаған сынай көрсетті, қазақ халқын жермен-жексен ету үшін, тежеусіз билік, арнайы тапсырмамен өздері жіберген байырғы балшабек Голощекинді кері қайтарып алды. Партиялық міндеттін мұлтікіз орындаған қызыл жендет қаншалық марапатқа жеткенін кім білсін, бірақ ешқандай сөгіс естімегені белгілі. Осының өзі-ақ Голощекиннің қазақ жерін босату мақсатымен келгендігінің дәлелі.

Қазақ халқы ауыр қазаға ұшырады. Қазақ жүртты қаңырап қалды. Бірақ отаршыл қызыл жендеттердің есебі толығымен ақталмады. Біздің ұлы халқымыз мұлде жойылып кеткен жоқ. Азайса да, ырысы орта түссе де, өз елінде, өз жерінде қалды. Сол бетінде оңалып, бірте-бірте ортасы толып, еңсе жазып кетуі де мүмкін ғой. Бірақ отаршылдың өз есебі бар еді.

Қалған халықты біржола жаңыштаудың, босатылған жерді біржола иеленудің келесі сатысы – осы елге келімсектерді қаптату болатын. Кейін “Тың игеру” деп аталған науқан сол 30-жылдардың аяғы, 40-жылдардың басында жүзеге асырылмақ екен. Ғаламат ашаршылықтың белгілі бір мақсатпен әдейі ұйымдастырылғандығының тағы бір айғағы. Алайда, бұл екі ортада Еуропадағы жағдай шиеленіспіп, оның ақыры дүниежүзілік соғыска ұласты. Алты аласы, бес бересі жоқ неміс майданында тағы да қаншама боздағымыз қазага ұшырады. Майдан аймағынан ығысқан және жоспарлы түрде әкелінген жүз мындаған келімсек қазақ жеріне біржола орнығып қалды. Отаршылға бұл да аз көрініпті. Ақыры, қырғын соғыстан ес жиып, билік тізгінін түзеген шақта, 50-жылдардың бас кезінде дабыралы “Тың көтеру” науқаны басталды. Қазақстан, оның мындаған жылдар бойы өз үлдарына құтты мекен болған ең шүрайлы жерлері түгел маң дала, иесіз қоныс, жан баспаған жер деп жарияланды, енді осы жерді игеру керек екен. Қалай игергені белгілі.

Тың игеру заманында Совет өкіметі мен коммунистік партияның басшысы Никита Хрущев айтқан көп сөздің ішінде бір-ақ ауыз сөз біздің қазақ жүрттың санасында берік таңбалануға тиіс. Хрущев: “Романовтар

әuletі үш жұз жыл бойы тындыра алмаған істі мен үш-ақ жылда жүзеге асырдым” деген. Жалғаны жоқ, ақиқат сөз. Ресей үшін мақтан, Қазақстан үшін қасырет. Отарлаған ел үшін игілік болар, құлдыққа түскен ел үшін оңалуы киын ауыр дерт. Тың игеру деген ұран астында Қазақстанды біржола отарлау ісін жүзеге асырганын Никита Хрушевтің өзі жасырмадан. Ал біз егемендік алдық деген заманың өзінде құлдық қамытына біржола жегілген күнімізді мадақтаудан жазбай келеміз. Рас, тәуелсіз республикаға мол астық керек. Ондағы барлық ұлттың татулығы, солтүстік облыстағы орыс ағайындардың тыныштығы керек. Тәуелсіздік тұғыры берік болуы үшін Қазақстан республикасы аталатын байтақ елді мекендер отырған барлық халықтардың ынтымақ, ұжымы, бірлескен еңбегі қажет. Мұндай бірлікке, ортақ мұратқа жетудің сан тарап жолы бар. Көрген қорлығынды, шеккен азабынды ақтау арқылы ешкімге де жақпайсың. Керісінше, өзінді кемітесің.

“Тың игеру” дегеніміз – қазақ халқын біржола жаңыштау жолындағы жорық болды. “Тың!” деген ұран астында Қазақстанға бірнеше миллион жат жерліктер көшіп келді. Жайылымға қолайлы миллиондаған гектар жер орынсыз жыртылып, бар құнарынан айрылды. Қазақ тілді газеттер, театрлар, барлық мәдени мекемелер жойылды, 700 ұлттық мектеп жабылды. Қазақ өз жерінде өзі азшылыққа айналды. Мұның бәрі – белгілі деректер. Осының бәрін біле тұра “тың игеру” – кейбір көленкелі суреттер ұшырасқанымен, өте игілікті іс еді деп қалай айтамыз. Көленке емес, қара түнек болды. Иненің жасуында жақсылығы болған жоқ. Қазақстан соншама құнарлы жерді ысырап етпей тұрғанда да нансыз емес-ті. Қандай да болмасын іс өзінің ақырғы нәтижесімен бағаланбақ. Егер тың көтерілмесе, қаншама миллион келімсек қара бұлттай қаптап, жерімізді басып қалмаса, бүтінгі тәуелсіз Қазақстанның бар тіршілігі басқаша болар еді ғой. Ең аяғы, мынау менің жерім, бұл – Ресейге тиесілі қоныс деп күн сайын қоқандаған корлық болмас еді. Тым құрса осыны ұғайық. “Заманына қарай адамы” деген сөз бар. Сондай да сондай, түсінбеді, білмеді деп алдынғы буынды кінәлай берген де дұрыс болмас. Қайта, елін алған, жерін алған, тілін қорлаган, адамдық құқықтан айырған соншама зұлмат заманды көріп, аман шыққанына таң қалу керек шығар. Олар да, бәрі болмаса, біразы білген, ұқкан, курескен. Бірақ ешқандай шара таба алмаған. Жүрттән естідік, шет жағасын көзбен де көрдік, тың көтеру деп аталатын жылдарда неше түрлі ауыр, тіпті қанды оқиғалар болған. Жергілікті жүрт пен келгіншілер арасында, астық жинауға барған қазақ студенттері мен Ресейден келген бұзакы топтар арасында жанжал, ұрыс-төбелес тыылмаған. Фасырдың бас кезінде зар төккен Ақан Сері: “Мінеки, мұжық келді көшкен бұлттай, – Қазақтың қояр емес жерін жүтпай” деп айтқандай, ондап, жүздеп емес, он мындалап, жүз мындалап келген “целинніктер” ақыры көптігін жасаған. Бірақ қазақтың өркеуде азamatтары намысын бермеген, адамдығынан айрылмаған. Соның арқасында келімсектер басып кеткен тың өлкесінің өзінде ана тіліміз ұмытылмады, қазақтың дәстүр-салты сақталды.

Тың игеру – ерлік шежіресі емес, отарлау шежіресі болды. Тың игеру қазақ халқын арыдағы Ақтабан-Шұбырындыға, берідегі 32-жылғы ашаршылыққа парапар ауыр жағдайға түсірді. Тың игеру заманының зардабынан құтылу үшін қаншама жылдар керегін ойлаудың өзі корқынышты. Өткенге амал жоқ. Бірақ болашақ бағдарымызды айқындау үшін бұрынғыны тани білу керек. Тың игеру – игілік еді деп жалбақтай беретін заман келмеске кеткен. Сол замандарда көшіп келген, орнығып қалған ағайынмен береке-бірлікті, татулықта болайық. Бірақ бұға бергенді сұға береді деген ата сөзін де ұмытпағанымыз абзal. Біз еркін ел болу үшін, ең алдымен отарлық кемшін санадан тазаруымыз керек.

Десе де, бұғінгі барымызға тәуба айтайық. Қаншама ауыр қырғынға ұшыраса да, қазақ халқы біржола жойылып кеткен жоқ. Саны азайса да елдік дәстүрінен айрылмады. Уақыт оза келе қайтадан ортасы толды, енді міне, көк байрағымызды көтеріп, тәуелсіздік күніне де жеттік. Бұғінгі қазақ баласының алдында ауыр да абыройлы міндеттер түр. Соның ең үлкені – ел іргесін бекіте түсу. Бірақ өлі риза болмай, тірі байымайды деген. Өткенін ұмытқан халықтың болашактан да үлесі кем. 1931-1933 жылдарда шәйіт болған бауырларымызды еске түсіріп, дұға оқу, олардың аруағына тағзым ету қазіргі қазақ жұртшылығының қасиетті парызы. Биыл, ғаламат ашаршылықтың алпыс жылдығын атап өту күндері қасиетті құрбан айтпен сәйкес келіп отыр. Шәйіттердің жаны бейіште тыныс тапқандығының бір жоралғысы осы болар. Қаралы жылдарды ұмытпаймыз. Сонымен қатар, алаш ұлының бағы көтерілетін болашақ сәулелі заманға да кәміл сенуге керек. Қиял емес, ықтимал; арманың ақиқат шындыққа айналуы тек өзімізге ғана байланысты.

21.V.1993.